



Ембі ТЫНЫСЫ

№3 (133)
НАУРЫЗ
2025 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз



ҚҰРМЕТТІ ГЕОЛОГТАР ЖӘНЕ САЛА АРДАГЕРЛЕРІ!

Қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын «Ембімұнайгаз» АҚ тарихында геология саласына сүбелі үлес қосқан аға буын геологтар мен олардың ізін жалғап, саланың заманауи бағытта өрістеуіне үлес қосып келе жатқан мамандардың алатын орны зор. Жердің қыр-сырына үңіліп, оның құпияларын ашуға бағытталған қиын әрі жауапты жұмыстар – табиғатты танып, білумен ғана шектелмей, еліміздің экономикалық дамуына үлес қосатын маңызды саланың негізі.

Әрбір ашылған кен орындары мен зерттеу нәтижелері – ауқымды жұмыстың, терең білім мен мол тәжірибенің, ғылымның жемісі. Осы ретте Өзен, Теңіз сынды кен орындарын ашу ісінің қайнар бастауында ембілік геологтар тұрғанын үлкен мақтанышпен айтамыз. Сала ардагерлерінің тынымсыз еңбегінің нәтижесінде мемлекеттің қуатты минералды-шикізаттық қоры құрылды.

Алдыңғы буын салған сара жолды жалғап, елдің байлығы мен табиғи ресурстарын анықтап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын жұмыстарды сәтті жалғап келе жатқан ембілік геологтар Тайсойған өңіріне қатысты ауқымды зерттеулер жүргізіп, қазіргі уақытта бұрғылау жұмыстары басталды.

Жер қойнауындағы қазба байлықты іздеу мол қажыр-қайратты, терең білім мен табандылықты қажет етеді. Осындай жауапкершілікті еңсеріп, ел игілігіне үлес қосқан мамандар еңбегі әрқашан қадірлі.

Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтай келе, денсаулық, отбасыңызға бақыт, жұмыстарыңызға табыс тілейміз! Жерді зерттеу, жаңа мүмкіндіктер ашу жолында әрдайым сәттілік серік болсын!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

БАҚ БОЛЫП КЕЛ, ЫРЫС БОП КІР, ӘЗ НАУРЫЗ!

Жүректерге жылулық сыйлайтын, ізгілік нұрын құятын, мейірімділікке, татулыққа бастайтын Наурыз мейрамын ембіліктер кең көлемде атап өтті. Амал мерекесі – Көрісу күнінен басталған мерекелік басқосулар барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде сәтімен жалғасып, ұлт рухын асқақтататын, дәстүрімізді

дәріптейтін, сән-салтанаты келіскен, халықтық сипаттағы іс-шараларға ұласты. Ән төгіліп, күй күмбірледі, ұлттық ойындар ұлықталып, ақ тілектер ағытылды.

Мерекелік репортаж **4-5** беттерде ➡➡



«ЖҰМЫСШЫДАН – ЖҰМЫСШЫҒА» НЕТВОРКИНГ АЛАҢЫ: ЖАҢА БІЛІМ ЖӘНЕ КӘСІБИ ӨСУ

Атырауда «Жұмысшыдан – жұмысшыға» атты нетворкинг кездесу өтті, оған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес кәсіпорындары – Өзенмұнайгаз, Маңғыстаумұнайгаз, Ембімұнайгаз, ҚазақойлАқтөбе, ҚазТрансОйл, ҚазГӨЗ, Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауытының 41 маманы қатысты.

Бұл ел Президенті жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясындағы маңызды іс-шаралардың бірі.

Олар үшін мынадай басты бағыттар бойынша оқу-жаттығу ұйымдастырылды:

- биікте жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік;

- болтинг (гидротестілеу);

- дәнекерлеу технологиясы.

Тәжірибе алмасу және



Озық практикаларды зерделеу мақсатында катысушылар «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» мен АМӨЗ-дің өндірістік нысандарына, сондай-ақ «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атыраудағы филиалының «Керн материалын зерттеу» зертханасына барды.

Жалпы, нетворкинг алаңы тәжірибе алмасумен бірге

жұмысшы мамандықтар иелеріне білімін тереңдетуге, заманауи технологияларды игеруге және үздік тәжірибелерді үйренуге мүмкіндік берді. Мұндай формат жұмысшы мамандықтардың дамуына, кәсіби біліктілікті арттыруға және мұнай-газ саласындағы жұмыс тиімділігінің өсуіне ықпал етеді.

www.kmg.kz

КОМИТЕТ ОТЫРЫСЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің кезекті отырысы өтті. Компания Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетованың төрағалығымен өткен жиынға өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылықтары мен Орталық басқару аппараты бойынша жауапты департамент, бөлім жетекшілері қатысты.

ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ АРҚЫЛЫ ӨНДІРІС МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫ

бұл жөнінде комитеттің кезекті отырысында баяндалды



Комитеттің кезекті отырысында 2025 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша өндіріс алаңдарындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік талаптарының сақталуы және қоршаған ортаны сақтау мақсатында қолға алынған іс-шаралардың есебі тыңдалды.

Компанияның басым бағыттарының бірі – қауіпсіз еңбекті қалыптастыру, табиғат аясына залалды барынша азайту мәселесіне қатысты компанияның өндіріс алаңдарындағы нәтижесін тапқан жұмыстар туралы баяндалып, тиісті мамандарға нақты тапсырмалар берілді.

Жиында сөз алғандардың айтары «Өндірістегі қауіпсіздік талаптарының сақталуына барлық жұмысшылар бір кісідей жұмылып, өндіріс мәдениетін тиісті деңгейге көтергенде ғана, тиімді нәтижеге қол жеткіземіз» деген пікірмен комитеттің кезекті отырысын қорытты. **ЕТ**



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ



БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗ – Тиімді ҚазМұнайГаз



БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – Әр қызметкердің үлес қосуы



БАРЛЫҒЫМЫЗ ҮШІН 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТ – ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ

Әрбір кәсіпорыннан **ДИВИДЕНД** алу

Еңбекті ұйымдастыру арқылы
ӨНДІРІСТІК МӘДЕНИЕТТІ, ҚАУІПСІЗДІКТІ, ТӘРТІПТІ арттыру

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ
(әркім жарықты, отынды қанша пайдаланып жатқанын,
кәсіпорын қанша парникті газ шығарып жатқанын және
тапшылықтың құны жайлы ойлануы тиіс)

**ӨНДІРІС ТИІМДІЛІГІН ЖАҚСARTU ЖӘНЕ
ЖЕҢІЛ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ШЫҒARUDY АРТТЫРУ ҮШІН**
операциялық тиімділік бойынша нақты міндеттер

ЦИФРЛАНДЫРУ және АВАІ, ТОРО, MES автоматтандыру,
сапарларды басқару, қоймаларды
басқару жобаларын аяқтау

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ УАҚЫТЫНДА
ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІҢ ШЕГІНДЕ САПАЛЫ ІСКЕ АСЫРУ**



КӘСІБИ МАМАНДАР ЕҢБЕГІНЕ – АЛҒЫС

Биылғы 6 наурыз күні «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Батыс Прорва кен алаңындағы консервацияда тұрған №437 ұңғымада перфорациядан кейін, сорапты-компрессорлық құбырды (СКК) түсіруде газ шығуы орын алды.

ЕМГ жедел штабы құрылып, шұғыл шаралар жүргізілді. Ұңғыманың аумағы қоршалып, қалыпқа келтіру жұмыстары қолға алынды.

Салалық құрылым мамандарының бірлескен жұмыстары нәтижесінде 8 наурыз күні сағат 16:40-та №437 ұңғымада газ шығуы толықтай тоқтатылды. Ұңғыма тығындалды, сағасына әмбебап гидравликалық превентор қойылды.



Оқиға орнында «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Бекзат Абайылдановтың басшылығымен мамандар тобы жұмыс жасады.

Ал, 14 наурыз күні «Ембімұнайгаз» АҚ-да Батыс Прорва кен орнындағы консервацияда тұрған №437 ұңғымадағы газ шығуын тоқтату жұмыстарына қатысқан Атырау облыстық ТЖ департаментінің, «Ақ Берен» КӨАҚ РОШ Атырау филиалының, «Семсер – Өрт сөндіруші» ЖШС, «Медикер – өнеркәсіптік медицина» ЖШС, KazPetroTrans ЖШС өкілдері және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бір топ қызметкерлерінің қатысуымен шара өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет құрылымдық сала мамандарына алғыс білдіріп, төтенше жағдай кезіндегі жедел, сапалы жұмыстардың нәтижесінде, әр қызметкердің кәсібилігі мен батылдығының арқасында газ шығуы тоқтатылғанын атап өтті. Компания басшылығы газ шығуын тоқтату жұмыстарына қатысушыларға Алғыс хат пен естелік сыйлық тарту етті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары Асқар Мұнара «Барыс Атырау секьюрити» күзет фирмасы және «Күзет» мамандандырылған күзет бөлімшесі АҚ қызметкерлерін қабылдап, алғыс айтты.

Аталған салалық құрылым қызметкерлері «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Батыс Прорва кен орнындағы консервацияда тұрған №437 ұңғымадағы газ шығуы кезінде тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуы мақсатында оқиға орнында еңбек еткен. Ортақ іске жұмылған сала мамандарына Алғыс хат табысталды. **ЕТ**

МАМАНДЫҚҚА АДАЛДЫҚ

ТӘУЕКЕЛГЕ БАС ТІККЕН КРАНШЫ

Қауіпке қарсы тұру – тек жүрек жұтқандардың ісі. Кейбіреулер тәуекелге бел буудан бас тартса, басқалары өз борышын өтеу үшін басын бәйгеге тігеді. Осындай сын сағатта үрейге берілмей, өз міндетін мінсіз атқаратын жандардың еңбегі орасан зор. Әсіресе өндірістегі төтенше жағдайларда қайсарлық пен кәсіби шеберлік басты орынға шығып, нағыз қайсар жанды іріктеп шығарады.



Наурыз айының басында «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты Батыс Прорва кен орнындағы №437 ұңғымада перфорациядан кейін сорапты-компрессорлық құбырды (СКК) түсіруде газ шығуы орын алды.

Ұңғыма басында апатты ауыздықтау жұмыстары жедел түрде басталып, компания арнайы штаб құрды. Аумағы қоршалып, шұғыл қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Өрт сөндірушілердің батыл да қажырлы еңбегінің арқасында жанған газдың жалындаған алауы сөнгенімен, мәселе толық шешілген жоқ. Ұңғыма қауіпсіз күйге келуі үшін оны бекітетін әмбебап гидравликалық превентормен жабу қажет. Гидравликалық превентор – ұңғымадағы апаттық жағдайларды болдырмау үшін гидравликалық басқару жүйесі арқылы жұмыс істейтін арнайы құрылғы. Ол мұнай-газ ұңғымаларында кенеттен қысым көтерілгенде немесе фонтандау қаупі туындағанда ұңғыманы жабу үшін қолданылады.

Осындай қиын сәтте «Ембімұнайгаз» АҚ мердігер компаниясының автокран шофері Жәнібек Дүзелбаевтың талпынысы бір рет сәтсіз болды. Бірақ ол мұнымен тоқтап қалмай, ұңғыманы жабуға екінші әрекет жасап, қауіпті тапсырманы сәтті орындап шықты. Осылайша өз өмірін тәуекелге тігіп, ұңғыма тұрбасын бекітетін құрылғыны жауып, апаттың алдын алуға үлес қосты.

Ақтөбе облысының Шұбарши кентінде туған Жәнібек Дүзелбаев мұнай саласында жиырма жылға жуық еңбек етіп келе жатыр. Ауысымдық әдіспен Атырау облысында жұмыс істеп жүргеніне де жеті жылдай уақыт өтіпті. Басында агрегат көлігін жүргізген ол 2012 жылы автокран көлігін жүргізуге кірісіпті. Вахталық әдіспен жұмыс істейтін ол кеше ғана кезекті ауысымды аяқтап, отбасына оралды.

– Бір күн бұрын ақау шығып, оның өртке ұласқанын ұңғыма басына барғанда бір-ақ білдім. Өрт сөндірушілер келіп өртті сөндірген. Біз мердігер компанияның қарамағындамыз ғой, кранмен гидравликалық превенторды көтеріп, ұңғымаға орнату бізге жүктелген екен. Төтенше жағдайлар қызметінің мамандарының көзінше тиісті жұмысымызды істедім. Міндетім жүк тасымалдайтын КамАЗ-дың кузовына орнатылған кемінде 3-4 тонналық құрылғыны көтеріп тығындау еді, соған көмектестім. Өрт сөндірушілер газ тұтанып кетпес үшін жан-жағымыздан су шашып тұрды. Төтенше жағдайлар қызметінің мамандары бекітті. Ұңғымадан ұшқын болып, от шығып кетуі әбден мүмкін еді. Қорқынышымыз да болды, өйткені тұрбаны бекітетін құрылғыны орнатып жатқанда газдың қысымы өте қатты болды. Әйтеуір бәрі сәтімен үйлесті, — деді Жәнібек Дүйсенбайұлы.

Прорвадағы төтенше жағдай кезінде жанқиярлықпен әрекет еткен Жәнібек Дүзелбаев өндіріс орнындағы жойқын апаттың алдын алған батырлық әрекетіне масайраған жоқ. Күнделікті өндірістік қауіпсіздік үшін сол жердегі көп жұмысшының бірі ретінде әрекет еткенін айтты да қойды.

– Меніңше бұл соншама мақтап-мадақтайтын іс емес қой. Кез келген басқа жүргізуші де солай істей алады деп ойлаймын, — деді ол әдеттегі қарапайым болмысына салып.

Тиімді ұйымдасқан жұмыс нәтижесінде апат толықтай ауыздықталды. Абырой болғанда қаза тапқан немесе зардап шеккен ешкім жоқ.

Прорвадағы оқиға өндіріс орындарындағы қауіпсіздік шараларының мән-маңызы қаншалықты екенін тағы бір мәрте дәлелдей түсті. Сонымен қатар, осындай қиын сәтте өз ісіне берілген, батыл және жауапты мамандардың еңбегі құрметке лайық, мерейі үстем боларын айқын көрсетті.

Алмас КАБДОЛОВ,
«Атырау» газеті,
№10, 13 наурыз
(ықшамдалып алынды)



БАҚ БОЛЫП КЕЛ, ЫРЫС БОП КІР, ӘЗ НАУРЫЗ!

Жүректерге жылулық сыйлайтын, ізгілік нұрын құятын, мейірімділікке, татулыққа бастайтын Наурыз мейрамын ембіліктер кең көлемде атап өтті. Амал мерекесі – Көрісу күнінен басталған мерекелік басқосулар барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде сәтімен жалғасып, ұлт рухын асқақтататын, дәстүрімізді дәріптейтін, сән-салтанаты келіскен, халықтық сипаттағы іс-шараларға ұласты. Ән төгіліп, күй күмбірледі, ұлттық ойындар ұлықталып, ақ тілектер ағытылды.



Көрісу мерекесіндегі жұмыс күні «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде жаңаша сипатта басталды. Ұлттық нақышта киінген қызметкерлер бір-бірімен көрісіп, мереке ажарын ашты. Бас директор Ринат Ізмұханбет бастаған Компания басшылығы әріптестер ортасынан табылып, ізгі тілектерін жеткізді.

Осы секілді мерекелік басқосулар «Қайнармұнайгаз» және «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында жалғасты. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ басшылығы цех аралап, көрісу дәстүрін дәріптесе, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Оңтүстік Батыс Камысты кен орнында мерекелік шара ұйымдастырды. Киіз үйлер құрылып, басқармаларда ұлттық ойын түрлерінен өткен тартысты додалар мереке салтанатын арттырды. Оңтүстік Батыс Камысты

кен орнындағы мерекелік салтанатта Компания басшысының құттықтауын Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Құтжанов жеткізді.

Ұлыстың Ұлы күнін тойлау дәстүрін жалғастырған ембіліктер рухани шарадан да шет қалмады. Биылғы Наурыз мерекелері қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келгендіктен, әрі оразадағы сауапты істердің бірі ауызашар беру болғандықтан, ембіліктер бұл шараны да ұйымдастырды. ЕМГ басшылығы еліміздің мұнай-газ саласының дамуына үлес қосып, аталған салада еңбек еткен ембілік ардагерлермен кездесіп, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет қара алтын өндірісіне сүбелі үлес қосып, өзіндік қолтаңбаларын қалдырған байырғы мұнайшылардың еңбектеріне

алғыс білдірді. Компанияның қазіргі жетістіктерінің қайнар бастауында тұрған ардагерлер еңбегі өлшеусіз екенін атап өтіп, жоспарлы жұмыстарды жүзеге асыру алдыңғы буын салған жолды жалғастыру нәтижесінде жүргізілетінін атап өтті. Жиналғандарды Наурыз мерекесімен құттықтап, ізгі лебізін жеткізді.

Осындай басқосулар «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы мен Өндірістік-техникалық қамту және жабдыктармен комплектациялау басқармасында да ұйымдастырылды. Прорва кен орнындағы «Каспий самалы» вахталық қалашығындағы ауызашарға Компания басшылығы қатысты. ӨТҚЖЖК басқармасының шарасына қатысқан ембілік қызметкерлер





және басқарма ардагерлерін Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары Ильяс Құрамысов құттықтады.

Құлсары қаласындағы басқарма кеңсесінің алдына киіз үй құрып, жалпыхалықтық шара өткізген «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Наурыз мерекесі көтеріңкі күй сыйлап, ән шырқалып, күй төгілді. Дәл осындай бағыттағы ауқымды шаралар легі «Доссормұнайгаз» МГӨБ жалғасты. Қос басқарманың ұжымын құттықтаған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және

әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев аз Наурыздың әр шаңыраққа жақсылықпен келуін тілеп, ізгі лебіздерін жолдады.

Сала ардагерлері мен басқарма қызметкерлері үшін арнайы мерекелік шара ұйымдастырған «Ембімұнайгаз» басқармасының думанды кешіне қатысқан Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Құтжанов жыл басы – Наурызбен құттықтауын жеткізді.

Айта кеткен жөн, Наурыз мерекесіне орайластырылған

іс-шаралар барысында саланың дамуына үлес қосқан қызметкерлерге «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты және Кәсіподақ комитеттерінің марапаттары тапсырылды.

Наурыз мейрамына орай облыс орталығындағы орталық алаңда ұйымдастырылған ауқымды шараға «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы да белсенді қатысты. Ембіліктер киіз үйі тігіп, өнерпаздар концертін ұйымдастырып, мерекелік шараның салтанатын арттырды. **ЕТ**



ІЗГІЛІК

АҚ ЖОЛ!

Атырау облыстық балалар ауруханасында ұлттық дәстүрлі дәріптеген шара өтті. Көрісу мерекесіне орай, «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастыруымен өтіп жатқан ауқымды акция аясында Тұсау кесу рәсімі жасалды. Шараға «Ембімұнайгаз» АҚ, «АМӨЗ» ЖШС және «КЕГОК» АҚ өкілдері қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова ауруханада ем алып жатқан Адина Аманқосқызы және Айлин Дәулетқызы есімді қыздардың тұсауын кесті.

Кішкентай Адина жүрек сырқатынан ем алып жатса, 12 жастағы Айлин жол апатынан кейін қайтадан жүруді үйренуде. Ол үшін тұсау кесу – үлкен символикалық мәнге ие болумен қатар, тез қалпына келу үшін сенім беретін үрдіс.

Рысты Тасмағамбетова қыздардың өмір жолдары жарқын болуын тілеп, сыйлықтар табыстады. Қажетті ем-домдар алумен қатар, жақындарының қолдауының арқасында барлық қиыншылықтарды еңсеріп, жолдары ашық болуына тілектестік білдірді. **ЕТ**



ШЕРУ

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕП...

Наурызнама аясында 18 наурыз – Ұлттық киім күні. Дәстүрімізді дәріптеп, қазақы ұстанымдарды насихаттауға бағытталған бұл күн аясында Атырауда ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылды. Ауқымды іс-шараға «Ембімұнайгаз» АҚ да белсенді қатысты.

Ембілік бір топ қызметкерлер қала орталығындағы Ту тұғырдан бастап, орталық Исатай-Махамбет алаңына дейінгі аралықты жүріп өткендер қатарынан табылды. Сән-салтанаты жарасқан бұл шара ұлттық киімдердің әдемілігін паш етіп, мереке мәнін айшықтай түсті.

Іс-шараны ұйымдастырушы Атырау қалалық әкімдігінің мәліметінше, Ұлттық киім шеруіне 3000-нан аса адам қатысқан. **ЕТ**



Сұрапыл соғыста қаза болғандарды, хабарсыз кеткендерді, бүгінде ортамызда жоқ майдангерлерді еске алу – парызымыз. Осы орайда, есімдері ұмытыла бастаған майдангер-жерлестеріміз туралы дайындаған ардагер мұнайшы, өлкетанушы Орақ Денгелбаевтың жазбаларының бірін газет оқырмандарының назарына ұсынып отырмыз.



Майдан даласынан елге оралып, бейбіт күнде тер төккен мұнайшы – Бихан АЛТАЕВ

Дінкуат (1905 жылы туған), Бихан (1909 жылы туған) және ағалары Айдар – Қызылқоғаның Тайсойған құмындағы №17 ауылдың тумалары. Өткен ғасырдың жиырма-сыншы жылдарының соңына қарай, өндірістік мұнайы 1915 жылы алынған, азамат соғысы жылдарында тұралап қалған, ал, 1926 жылдың басынан кен орнын игеру шаралары қолға алына бастаған тұста ағайынды үш жігіт Мақат кәсіпшілігіне келеді. Әуелі Айдар мен Дінкуат өндіріске жұмысқа тұрып, еңбек жолдарын бастайды.

Бұрғылау жұмысшысы болған Дінкуат 1930 жылы ашылған мұнай техникумына оқуға түсіп, бұрғылау техникі мамандығын алып шығып, сол Мақаттағы бұрғылау кеңесінде мамандығы бойынша еңбекке араласады.

Бихан осы кәсіпшіліктің бұрғылау жұмысшысы болып алғашқы еңбек жолын бастаған. Осы қызметінде бес-алты жыл еңбек еткен жас жігіт «Ембімұнай» тресінің жанындағы шоферлік курсты да оқып алады. Кейіннен электр бөлімінде май құюшы, мұнай өндіруші оператор, гаражда автоэлектрик болып жұмыс жасаған.

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия тұтқиылдан КСРО елінің батыс

шекарасына басып кіріп, соғыс басталып кетеді. Сол күні-ақ жер-жердегі сияқты Мақат кәсіпшілігінде де 1000-нан астам адам жиналған митинг өтеді. Оның ертеңіне майданға аттандыру басталады.

Мұнайшылар «бронь» тізіміне ілігіп, оларды әскерге шақырту кейінге ысыралады. Соғыс алаңындағы жағдай күрделене түскен 1942 жылы мұнайшыларды да мобилизациялау ретімен майданға аттандырып жатады. Кезек Дінкуат пен Биханға да келеді. Ал, Айдар өндірісте жұмысын жасай береді.

Бұлардың кейінгі тағдыры белгісіз. Дегенмен, ағамыздың есімі ел жадынан ұмытылған жоқ. Аудан орталығы Мақат кентіндегі, Атыраудағы Жеңіс саябақтарында орнатылған Ескерткіш тақталарда оның аты-жөні алтын әріппен жазулы тұр. Інісі Биханның ұрпақтары да Дінкуат ағаның есімін әрдайым еске алып отырады.

Енді сөз кезегін Бихан Алтаев ағамыздың майдандағы жорық жолдарына арнайық. Майдангер 86 атқыштар дивизиясының 284-ші атқыштар полкінің сапында өте жойқын ұрыс-шайқастардың ортасында болған. Ресей



ЛЕНИНГРАДТЫ ҚОРҒАҒАН АҒАЛЫ-ІНІЛІ АЛТАЕВТАР

Майдангер мұнайшылар туралы бір үзік сыр

Екі жігіт 1942 жылдың шілде айының 23-інде Мақат аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылып, майданға аттанады. Екеуі де бір әскери құрамаға – 86-шы атқыштар дивизиясына тап болады. Дінкуат осы дивизияның 248-ші артиллерия полкінде зеңбірек көздеушісі болып, жаудың шабуылдарын тойтаруда аянбай іс-қимыл жасайды. Кейіннен, осы полкте байланысшы міндетін атқарады.

Шабуылдау барысында артиллерия бөлімдерінің үзіліссіз байланыста болуын қамтамасыз ететіндіктен, ол бораған октын астында еңбектеп жүріп, байланыс желісінің үзілген жерлерін қайта жалғап отырады. Осындай ұрыстардың бірінде Дінкуат жарақаттанып, госпитальға түседі. Емделіп болған жауынгер енді 381-ші атқыштар дивизиясының 1263-полкі құрамында бөлімше командирі болып, ұрыстарға қатысады. 381 дивизия 1944 жылдың маусым айында 98 атқыштар корпусының 23-ші армиясының бағынысына көшіріліп, Выборг шабуылдау операциясына қатысады. Карель мойнағындағы фин әскерінің ұзақмерзімді қорғаныс шебін талқандау барысында қиян-кескі шайқастар болады. Сийранмяки қорғаныс жүйесін мықты жабдықталған үш траншеясы, 4 қатар тікенек сым қоршауы, биіктігі 44,5 болатын доттар мен дзоттар құрады. Финдердің бұл плацдармын жоюға қатысқан дивизияның 443 адамы қаза болған, 1264 жауынгер жарақат алған.

1944 жылдың шілде айының 4 мен 7-і аралығына созылған осы ұрыста кіші сержант Д.Алтаев ауыр жарақат алып, Января теміржол стансасындағы госпитальға жеткізілген. Алайда, майдангер аға 9 шілде күні госпитальда көз жұмып, сол елдімекендегі зиратқа жерленеді.

Жеңісті жақындату жолында фашистермен болған қырғын соғыста опат болған жерлесіміз Ленинградты қорғаудағы ерлік іс-қимылдары үшін «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталыпты. Елінде Сайын, Мәрия деген ұл-қызы, әйелі Әлия қалыпты.

Қорғаныс Министрлігінің Орталық архивы сайтына жарияланған құжаттар ішінен 284-ші атқыштар полкінің жорық жолына көз салсақ, Бихан аға мен оның қаруластарының қандай қиын сынақтардан өткенін байқаймыз.

Ленинград қаласының «Үлкен жермен» байланысын қамтамасыз етіп тұрған «Невский пятачок» плацдармы ауыр шайқастардан кейін 1942 жылдың 26 қыркүйегінде неміс әскерлерінің қолына өткен. Осы кезден бастап Ленинград майданының әскери құрамалары үшін басты мақсат аталған аумақты қайтару болған. Бұл мақсатқа көп күш жұмылдырылды. 86-шы атқыштар дивизиясы, оның бөлімдері осы плацдарм үшін болған ұрыстарға басынан аяғына дейін қатысқаны олардың жорық жолдары жазылған деректі құжаттардан анық байқалады.

Нева өзенінің сол жағалауындағы (шығыс беті) шағын плацдармды қорғау, оны қолда ұстап тұру оңайға соқпаған. Өзеннің суы қатқанға дейін көптеген шабуылдарды тойтарған полк, мұз тұрғаннан кейін, Ленинград майданының құрамаларының қатарында «Ленинград қоршауын» бұзу шабуылына дайындалған. 1943 жылдың қаңтар айында басталған «Искра» шабуылдау операциясы барысында кеңес әскерлері немістерден басым түсіп, 18 қаңтар күні Ленинград, Волхов майдандарының жауынгерлері «қоршау шеңберін» бұзып, бір-бірімен қауышқан. Осылайша, «Үлкен жермен» жер арқылы қатынас орнайды.

Бірақ, әлі Ленинградты неміс әскерлерінен босату үшін ауыр шайқастар жалғаса берді. Немістердің 16 ай бойы орнатқан ұзақ мерзімге арналған бекіністерін алу оңайға түскен жоқ. 284 атқыштар полкі сол «Невский пятачок» плацдармын қорғаушылардың қатарында болған.

1943 жылдың жаз айларындағы жойқын ұрыстардың бірінде Бихан аға аяғынан ауыр жарақаттанады. №1170 госпитальда ұзақ емделгенімен, медициналық комиссияның



Ұрыс даласында қаза тапқан Дінкуат Алтаевтың артында осындай архивтік деректер ғана қалған...

«әрі қарай соғысуға жарамсыз» деген шешіміне сәйкес, елге қайтарылады.

Майдангердің Мақатқа нақты қай мезгілде келгені белгісіз. Бізге анығы 1943 жылдың 17 қыркүйегінде Мақат кәсіпшілігінің автогаражына электрик болып жұмысқа қабылданған. Бұл туралы 1954 жылғы 25 қарашадағы квалификациялық комиссияның хаттамасында жазылған. Кейін, 1964 жылы зейнеткерлік жасқа жетіп құрметті демалысқа шыққанша, мұнай бөлімінде оператор болып еңбек етті.

Соғыс жылдарындағы ерлік іс-қимылдары үшін I дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін», «Соғыс жылдарындағы Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Женгеміз Аққанжан екеуінің ұрпақтары әкенің өмір жолын әрдайым мақтан тұтады. Абзал аға 1998 жылы 89 жасында өмірден өтті. [ЕТ](#)

Орақ ДЕНГЕЛБАЕВ,
ардагер мұнайшы, өлкетанушы
Мақат ауданының Құрметті азаматы

РЕДАКЦИЯДАН:

Газеттің келесі шығарылымдарына жазатын кейіпкерді сіз де жолдай аласыз, әріптес! Өке, аталарыңыз, олардың ерлік істері, тылғағы тірліктері туралы материалды Қоғаммен байланыс тобының маманы Гүлжан Амированың g.amirova@emg.kmg.kz почтасына жібере аласыздар. Байланыс телефоны: 993209/21309.



КАДР САЯСАТЫ

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ: ТӘЖІРИБЕ МЕН МҮМКІНДІК

2025 жылы колледждер мен жоғары оқу орындары студенттері арасынан 79 тағылымгер «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік алаңдарында дуалды жүйе бойынша оқытылады.

Дуалды білім беру жүйесі екі негізгі бөліктен тұрады: теория және тәжірибе. Яғни, студенттер оқу орындарының

кабырғасында теориялық білім алса, кен алаңдарында тәжірибе жинақтайды.

Өз тиімділігін дәлелдеген, серіктестікті нығайтуды көздеген бұл тәжірибе 2015 жылдан бастап қолданылып келеді. Жоба мұнай-газ саласындағы кәсіби кадрларды даярлауда жоғары нәтижелер көрсетуде.

Жобаға колледждер мен жоғары оқу орындарының 3-4 курс студенттері қатысуда.

Дуалды жүйе аясында 2015-2024 жылдар

аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ аймақтық 6 оқу орындарымен ынтымақтастық орнатты. Олар: С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, АРЕС Petro Technic жоғары колледжі, Мақат мұнай және газ технологиялық колледжі, С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі, Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжі, Қызылқоға аграрлы-техникалық колледжі.

Жоба қолданысқа енгізілген 9 жыл ішінде 384 адам дуалды оқытудан өтті. Олардың ішінен 92-і Ембі өндірісіне жұмысқа орналасты.

Айта кеткен жөн, дуалды оқыту кезеңі студенттің еңбек өтілі ретінде есептеледі. Сонымен қатар, жоба шеңберінде тағылымгерді оқыту, тамақтандыру, жатын орынмен, арнайы киіммен және өтемақы төлемдерімен қамту шығындарын компания өтейді. [ЕТ](#)



Берік БАЯМИРОВ,
«Ембімұнайэнерго» басқармасының бас инженері:

– Дуалды оқу бағдарламасы «Ембімұнайэнерго» басқармасында 2020 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Аталған жоба – студенттердің болашағы үшін, үлкен мүмкіндік береді. Студенттер өндірістік тәжірибе жинаумен қатар, майталман мамандармен тікелей араласып, үйреніп, білімін жетілдіреді. Соның арқасында студент оқуын бітірген кезде дайын білікті маман болып шығады. Өндірістің электрэнергетика саласы қауіпті, аса жауапты екенін ескерсек, мамандар үшін дуалды оқыту жүйесінің маңызы зор.

Дуалды оқу бағдарламасымен 2020-2024 жылдары ішінде **34 студент** тәжірибеден өтіп отыр.

Жоғарыда аталған бағдарламаға қатысушылар оқу орнын аяқтағаннан кейін, басқармада оқыған мамандығы бойынша бос жұмыс орындары болған жағдайда, үміткер ретінде іріктеуге қатыса алады. Қоғамның ережесіне сәйкес, алдымен сұхбаттасу кезеңінен өтеді, одан кейін, арнайы кәсіби тест тапсырады, қажетті нәтиже көрсеткен жағдайда, өндіріске жұмысқа қабылданады.

Осы бағдарлама аясында, басқармаға **15 студент** жұмысқа қабылданды.

2025 жылы **19 студент** осы бағдарлама бойынша тәжірибеден өтуде.

Алмаз ҚАДЫРБЕК,
«Ембімұнайэнерго» басқармасының релелік қорғау автоматика және метрология бөлімшесінің 3-дәрежелі сынау және өлшеу электромонтері:

– Атырау мұнай және газ университетіне 2020 жылы Өнеркәсіптік энергетика мамандығы бойынша оқуға түстім. Ал, 3 курс студенті болған кезде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның дуалды оқыту бағдарламасына қатыстым. Арнайы тесттен өткеннен кейін, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ С.Нұржанов кен алаңына тәжірибеден өтуге мүмкіндік алдым.

Тиімдісі сол, біздер үшін вахталық әдіс қарастырылған. Соған сай, 1 жыл бойы 14 күн вахталық әдіспен еңбек етсем, қалған күнде университеттегі сабағымды жалғастырдым.

Тәжірибе аяқталған кезде, тағы да арнайы тестілеуден өтіп, сұхбаттасу кезеңінен сәтті өткен соң, отандық мұнай компаниясына жұмысқа қабылдандым.

«Ембімұнайгаз» АҚ дуалды оқыту бағдарламасының нәтижесінде осы салада еңбек етуге мүмкіндік алғанымға өте қуаныштымын. Оқу орнында теориялық білім алу бөлек те, тәжірибе жинақтау, тікелей жұмысқа араласу – мүлдем бөлек. Осы салада еңбек ететін мамандардан тәлім алып, көрген, үйренген, білген дағдыларымды жоба қатысушыларын іріктеу кезеңінде талапқа сай көрсете алғанымның арқасында жас маман ретінде жұмыс атқарып жүрмін.



ОБУЧЕНИЕ

SERPIN: ДРАЙВЕР РАЗВИТИЯ



В АО «Эмбаунагаз» в третий раз стартовал проект Serpin. Это ежегодное модульное обучение направлено на профессиональный и личностный рост молодых специалистов. 28 участников проекта ждет углубленная программа обучения по 5 модулям.

Это не только тренинги по укреплению навыков корпоративной культуры, лидерству, эффективным коммуникациям, ораторскому мастерству, но и физи-

ческая активность, работа в книжном клубе и другие драйверы роста. Обучение пройдет в городах Атырау, Алматы, Өскемен, Астана. На завершающем этапе, в Атырау, команды участников будут защищать собственные проекты по разным направлениям корпоративного развития.

Напутствуя молодых специалистов, заместитель генерального директора по кадровым и социальным вопросам АО «Эмбаунагаз» Кайрат Абенов отметил значимость проекта Serpin, который дает импульс потоку новых знаний, и пожелал коллегам плодотворной работы.



Обучение по модульной программе «Serpin» проводится уже третий год, поскольку оно доказало свою актуальность и эффективность. Получение знаний на площадках проекта проходит в активной форме, когда специалист – это не просто пассивный слушатель, а деятельный и энергичный участник, который активизирует все свои мыслительные, аналитические и творческие способности, учится быть лидером и организатором в любом деле. В предыдущие две сессии обучение прошли 56 человек. Некоторые из их проектов находятся на стадии рассмотрения для внедрения в деятельность компании. [ЕТ](#)



Халықаралық әйелдер күніне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұйымдастыруымен форум өтті. Салтанатты шараға Компания басшылығы, ЕМГ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері және С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті мен С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжінің бір топ қызметкерлері қатысты.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ТАҚЫРЫБЫ

Кеш қонақтары – нәзікжандыларды «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова және Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев құттықтады.

«Мұнай саласы негізінен ер-азаматтарға тән дегенімізбен, әйелдердің де аталған салада өзіндік маңызды орындары бар. Олар сәйкесті міндеттемелерін табысты орындап, Компанияның жұмысына баға жетпес үлес қосуда. Осы ретте мұнайшы әйелдерді біріктіретін, олардың мәртебесін арттырып, әлеуетін ашуға, кәсіби, жеке және рухани өсуіне ықпал ететін «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ролін ерекше атап өткім келеді» деген К.Әбенев қатысушыларды мерекемен құттықтап, тілегін жеткізді.

Осыдан 6 жыл бұрын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес мекемелері арасында алғашқылардың бірі болып құрылған бұл клубтың басты мақсаты – мұнайшы әйелдердің потенциалдарын арттыру, жеке және кәсіби дамуына мүмкіндік орнату.

Клубтың жетістіктері қатарында мұнайшы әйелдер арасында коммуникацияны дамыту бағытында семинар, тренингтер ұйымдастырылғанын, нетворкингті дамыту мақсатында республикалық деңгейде екі рет форум ұйымдастырылғанын атап өтуге болады.

Кейін семинар-тренингтер көшпелі форматқа ауысып, облыстан тыс жерлерде де ұйымдастыру қолға алынды. Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ-да еңбек ететін қыз-келіншектердің басын біріктіретін ұйымның негіз болуымен Компанияға

Ембілік мұнайшылардың көшпелі форумына арқау болды



қарасты басқарамалардың ұйымдастыруымен көшпелі форумдар өткізіліп келеді.

Осымен төртінші рет ұйымдастырылып тұрған аталған форматтағы іс-шараны «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз»,

«Доссормұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармалары өткізді. Ал, биылғы көшпелі форум «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасымен бірлесіп ұйымдастырылды. Басқарма қызметкерлері «Ана – тіршілік бастауы» тақырыбындағы

театрландырылған қойылым ұсынды. Көрерменнің көңілінен шыққан шарада қоршаған ортаға ұқыпты қарау және су ресурстарын

сақтау мәселесі бойынша қазіргі қоғам үшін маңызды тақырыптар көтерілді.

Салтанатты шара барысында Компанияның дамуына үлес қосқан және «Мұнайшы қыз» клубының жұмыстарына белсенді қатысқан бір топ қызметкерлерге «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты және «Мұнайшы қыз» клубының дипломдары табысталды.

Мерекелік форум соны ҚР еңбек сіңірген қайраткері Толқын Забированың концертінде ұласты.



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күйі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылганова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.